

Облыс әкімиятының 2005 жылғы 5 сәуірдегі N 135 "1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне коммуналдық қызметтер (жылу, су және газбен қамту), электр энергиясымен қамту және байланыс қызметінің телефон үшін абоненттік төлемдер бөлігінде төлем төлеуден өмірбойы босату Тәртібін бекіту туралы" қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Атырау облыстық әкімиятының 2007 жылғы 24 қазандағы N 249 қаулысы Атырау облыстық Әділет департаментінде 2007 жылғы 26 қарашада N 2501 тіркелді. Күші жойылды - Атырау облысы әкімдігінің 2011 жылғы 4 қазандағы N 288 қаулысымен.

Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысы әкімдігінің 2011.10.04 N 288 қаулысымен .

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 сәуірдегі N 2247 "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" Заңына және III шақырылған облыстық маслихаттың X сессиясының 2005 жылғы 11 ақпандағы N 198-III "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектерін әлеуметтік қорғау жөніндегі шаралар туралы" шешіміне сәйкес облыс әкімияты қаулы етті:

1. Облыс әкімиятының 2005 жылғы 5 сәуірдегі N 135 "1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне коммуналдық қызметтер (жылу, су және газбен қамту), электр энергиясымен қамту және байланыс қызметінің телефон үшін абоненттік төлемдер бөлігінде төлем төлеуден өмірбойы босату тәртібін бекіту туралы" қаулысына Атырау облысы Әділет департаментінде 2005 жылғы 11 мамырда N 2421 тіркелген 2005 жылғы 9 сәуірдегі N 42 "Атырау" және 2005 жылғы 31 мамырдағы N 64 "Прикаспийская коммуна" газеттерінде жарияланған мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілген аталған қаулы мен оның қосымшасы тақырыбы мынадай редакцияда мазмұндалсын:

"Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне, Ұлы Отан соғысында қаза тапқан жауынгерлердің жесірлеріне, Ауғанстандағы ұрыс қимылдарының қатысушыларына және хабар-ошарсыз кеткен Ауғанстандағы ұрыс қимылдарының қатысушыларының отбасыларына коммуналдық қызметтер (жылу, су және газбен қамту), электр

энергиясымен қамту үшін және телефон үшін абоненттік төлемдер бөлігінде байланыс қызметіне төлем төлеуден өмірбойы босату тәртібін бекіту туралы";

1-тармақ мынадай редакцияда мазмұндалсын:

"Қоса беріліп отырған Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне, Ұлы Отан соғысында қаза тапқан жауынгерлердің жесірлеріне, Ауғанстандағы ұрыс қимылдарының қатысушыларына және хабар-ошарсыз кеткен Ауғанстандағы ұрыс қимылдарының қатысушыларының отбасыларына коммуналдық қызметтер (жылу, су және газбен қамту), электр энергиясымен қамту үшін және телефон үшін абоненттік төлемдер бөлігінде байланыс қызметіне төлем төлеуден өмірбойы босату Тәртібі бекітілсін" (бұдан әрі - Тәртіп)

аталған қаулының қосымшасында:

1- тарауда "Жалпы ережелер":

1- тармақ мынадай редакцияда мазмұндалсын:

"Осы Тәртіп Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне, Ұлы Отан соғысында қаза тапқан жауынгерлердің жесірлеріне, Ауғанстандағы ұрыс қимылдарының қатысушыларына және хабар-ошарсыз кеткен Ауғанстандағы ұрыс қимылдарының қатысушыларының отбасыларына коммуналдық қызметтер (жылу, су және газбен қамту), электр энергиясымен қамту және байланыс қызметінің телефон үшін абоненттік төлемдер бөлігінде төлем төлеуден өмірбойы босату мақсатында әзірленді.";

2-тарауда "Төлемақдан өмірбойы босату, қаржыландыру және төлеу тәртібі":

2-тармақтың 2 тармақшасы мынадай редакцияда мазмұндалсын:

"2007 жылдың 1 қазанынан бастап Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне, Ұлы Отан соғысында қаза тапқан жауынгерлердің жесірлеріне, Ауғанстандағы ұрыс қимылдарының қатысушыларына және хабар-ошарсыз кеткен Ауғанстандағы ұрыс қимылдарының қатысушыларының отбасыларына пайдаланудағы тұрғын үй көлеміне қарамастан өмір бойғы жеңілдіктер ай сайын 3158 теңге сомасында төленеді."

3 тармақтағы "салық төлеушінің тіркеу нөмірін (СТН)", деген сөздерден кейін "жеңілдік алуға құқығын растайтын құжаттың көшірмесі" деген сөздермен толықтырылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Қ. Қайненовке жүктелсін.

3. Осы қаулы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК